


РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2023



288,0
МЛРД ТГ



- Производство резиновых изделий
- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство прочих пластмассовых изделий



107,5%
ИФО

\$227,5

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **81,6%**
ОТП **18,4%**

\$1 765,9 МЛН



РЫНОК


\$1 441,4

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ

2023 жылғы қаңтар-тамыздағы резеңке және пластмасса өнімі

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-шілдеде **288,0 млрд теңгені** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **13,6%** жоғары.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, табақтар, құбырлар және профильдер – **42%**, құрылыс пластик бұйымдар - **19%**, басқа да пластик бұйымдар – **17%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **15%**, басқа да резеңке бұйымдар – **6%** құрады.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде **107,5%** құрады.

Ең жоғары өндіріс көлемін заттай көріністе полиэтиленнен жасалған қаптар мен сөмкелер (+1,5%); пластмассадан жасалған құбырлар, шлангтер және олардың фитингтері (3,7%) өндірісі көрсетті. Осы тауарлардың өсуі тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты.

Резеңке және пластмасса өнімінің **экспорты** құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-шілдеде 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **2,9 есе** өсті және **227,5 млн АҚШ долл.** құрады. Резеңке және пластмасса тауарлардың негізгі көлемі

Ресейге (80,5%), Қырғызстанға (7,7%) және Өзбекстанға (5,1%) экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарлар **импорты** 2023 ж. қаңтар-шілдеде **1 441,4 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **36%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (28%), Ресей (28%), Германиядан (5%)** келіп түсті.

Резеңке және пластмасса бұйымдары нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде **1 765,9 млн АҚШ долл. (796,2 млрд теңге)** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **21,4%** артық.

Өндірістің өсуіне **(+15,7%)** қарамастан ОТӨ үлесі 8.8 п.п. төмендеді және **18,4%** құрады, бұл, бәрінен бұрын импорттың өсуіне **(+36,1%)** байланысты. Импорт өнім үлесі **81,6%** құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-тамызда төмендегі өңірлерде байқалады: Алматы обл. (22,2%), Астана қ. (19,5%), Алматы қ. (11,7%), Қарағанды обл. (8%), Шымкент қ. (5,7%).